

Мектеп-лицейдің ұжымымен,
құжаттармен жұмыс жүргізу.
Практиканың мақсат – міндеттерімен
танысып, қауіпсіздік ережесін сақтау.

Тексерген: Байтекеева А.А

Орындаған: Мұқажан Мақпал

421-топ




БАҒДАРЛАМАНЫҢ
МАҚСАТ-
МІНДЕТТЕРІ

Педагогикалық ұжымның, ата-аналар жұртшылығының, оқушылар, мектептен тыс ұйымдармен тығыз байланыста болуы, қарым-қатынас жасауы; оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастыру, ақпараттық қамтылу жағдайын жасау.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастырудағы білім алушылардың білік, дағдыларын қалыптастыру, жазғы кезеңде балалармен, жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыстарын өткізудегі білім алушылардың кәсіби-педагогикалық білім, біліктерін кеңейту.

*Бағдарламаның төмендегі нормативті-
құқықтық құжаттары*



- бала құқығын қорғау БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»;

Міндеттері:

- ✓ Әлеуметтік тәжірибе жинақтауға баланының араласып, қатыстырылуы, бірге қызмет істеуі, шығармашылық жұмыспен бірге айналасуы;
- ✓ Жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қатынас жасау түрлерін дамыту;
- ✓ Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру аясында табиғатты аялауға, қорғауға баулу;
- ✓ Шығармашылықпен жұмыс атқаратын балаларды анықтап, қабілетін дамыту, жеке жұмыс жасауға, бірлесіп жұмыс атқаруға баулу;
- ✓ Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы;
- ✓ Өмір қауіпсіздігі ережелерін меңгертуге, түрлі аурулардың алдын-алуға, балалар денсаулығын күшейтуге, баланың денсаулығын шынықтыруға байланысты түрлі сауықтыру іс-шараларының жүйесін құру;
- ✓ Салауатты өмір сүруге бейімдеу;
- ✓ Аз қамтылған отбасы балаларының мектептегі және «Салют» қала сыртындағы лагерьлерде демалулары үшін тегін жолдамамен жалпыға бірдей білім беру қорынан қамтылуларына көмек көрсету.

- ▶ жазғы каникул кезеңінде уақытша құрылған балалар ұжымымен өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда білім алушылардың білік, дағдысын қалыптастыру және дамыту;
- ▶ әлеуметтік-педагогикалық қызметтің топтық, жеке әдістемесін және әртүрлі формаларын меңгеру;
- ▶ балалардың бос уақытын шығармашылықпен өткізу және оны ұйымдастыру технологияларын меңгеру;
- ▶ қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлердің жағдайында білім алушыларды тәрбие әдістері мен әдістемесіне үйрету;
- ▶ балалар мен жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыстарын өткізуде шығармашылық және жауапкершілік қарым-қатынасты арттыру.

Принциптері:

1. Қарым-қатынасты ізгілендіру принципі: адамды құрметтеу, сеніммен қарау, табысқа қол жеткізуіне қолқабыс жасау. Бала, ата-ана, лагерь қызметкерлерімен адамгершілікпен байланыс жасай отырып, педагогикалық процестің барлық негізгі құрамдас бөлігі - компоненттерін психологиялық тұрғыдан түсіну.

2. Бірге жұмыс жасау барысында балалардың жас ерекшеліктері мен атқарылған жұмыстың сәйкес болу принципі: Ересек адамдардың баламен біргежұмыс атқаруының тәрбиелік маңызы зор болмақ және қолдау көрсетілген балада шығармашылықпен жұмыс атқарамын деген сенім пайда болады.

3. Демократияшылдық принципі: шығармашылық қабілетін дамыту жоспарына барлық балалар мен жасөспірімдердің тегіс қатыстырылуы.

4. Жазғы сауықтыру лагерінде тәрбиелеудің түрлі әдісін, тәсілін, мазмұнын таңдау принципі төмендегі жұмыстардың атқарылуын талап етеді:

-балалардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай оларды тәрбиелеудің түрлі әдісін, тәсілін, мазмұнын табу және жүзеге асыру принципі;

-баланың бір шығармашылық жұмыс түрінен екінші жұмысқа көшу мүмкіндігінің болуы; (1 күнде)

-күн тақырыбына байланысты барлық іс-шаралардың бір бірімен тығыз байланысты болуы, жүйелілігі, мазмұн сәйкестігі;

-барлық атқарылатын іс-шараларға балалардың белсенді түрде қатыстырылуы.

5. Баланың дара қасиетін ашу шығармашылық принципі: шығармашылықпен жұмыс жасауы арқылы тұлға даралығының ашылуы – тұлғаны сипаттау мінездемесі, қолға алған жұмысын толық іске асыруы.

1. Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулықтарына жауап береді, күн тәртібіне, санитарлық нормалардың, техника қауіпсіздігінің сақталуына, сауықтыру-тәрбиелеу жұмысын, балалардың бос уақытын дұрыс, пайдалы, мағыналы ұйымдастыруға жауапты. Сол сияқты өзін өзі басқару ұйымдарының жұмысын, топтар жұмысын талдап, саралау жасайды. Арнаулы кадрлар (педагог-психолог, кітапханашы, дене тәрбиесі пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог) қызметтегі міндеттеріне байланысты арнайы педагогикалық жұмыс атқарады, өзін өзі басқару ұйымдарының жұмысын ширатып, тәжірибесімен бөлісіп, қолдау көрсетіп, жұмысты алға апаруға, т.б. іс-шараларға қатыстырулары әбден мүмкін.




2. Қосымша білім беруде педагогтар үйірме жұмысына, балалардың толық жұмыспен айналасуына, жұмыстың нәтижелі болуына жауап береді, көпшілікпен атқарылатын іс-шараларға қатыстырылады.

3. Ұжымның педагогикалық ұстанымы:

1. Педагогикалық кәсіби шеберлік принципі;

2. Баланы тұлға ретінде құрметтеу принципі;

3. Бірлесіп жұмыс атқару, бірге шығармашылықпен айналасу, ынтымақтастықта болу принципі.



- ▶ 4. Балалар интеллектін дамытуда дара ісіндегі бастамасын, шығармашылығын қолдау принципі;
- ▶ 5. Балалар ұйымының өзін өзі басқару принципі;
- ▶ 6. Балалардың мектептегі тіршілік әрекетін ұйымдастыруда жалпы адами және ұлттық мәдени құндылықтардың үйлесу принципі;
- ▶ 7. Әрбір баламен жеке жұмыс жасау және ұжымның шығармашылықпен жұмыс атқару принципі;
- ▶ 8. Даулы мәселелерді дұрыс шешу, оң шешім қабылдау.
- ▶ 9. Лагерьге бейімделу аралығы.

Жалпы қауіпсіздік ережелері

Қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болады. Сондықтан кей ұсыныстарды ескерген дұрыс:

- Балаға күн тиіп қалмас үшін жаздың ыстық күндері міндетті түрде бас киім кигізу керек;
- Баланың тамақ ішер алдында қол жууды әдетке айналдыруын қадағалаңыз;
- Жаз мезгілінде тамақтан уланып қалу қаупі артатындықтан, жемістер мен көкөністердің балғын болуын қадағалап, жақсылап жуыңыз;
- Баланы бағдаршамнан өтуге үйретіп, автомобиль тигізуі мүмкін қауіп туралы түсіндіріп айтыңыз;
- Балаға ойнау алаңында өзін қалай ұстау керектігін айтыңыз. Соның ішінде, өткеншекке жанынан келу керектігін түсіндіріңіз;
- Баланы жазғы кездегі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру керек. Ересек адамсыз от жақпауын өтініп, оның жылдам тарайтындығын айтыңыз.